



БАСПАСӨЗ МӘЛІМДЕМЕСІ

Алматы қ.

2021 жылдың 15 қарашасы

KASE Global секторында сауда-саттық ашылды

2021 жылдың 15 қарашасында KASE Global секторында шетелдік эмитенттердің 25 акциясының сауда-саттығы ашылды. Сектор Биржадағы сауда-саттық үшін қолжетімді қаржы құралдарының спектрін кеңейту мақсатында құрылған.

Жаңа сектордағы сауда-саттыққа Нью-Йорк қор биржасы – NYSE Equity және Nasdaq – NASDAQ Global Select биржаларының негізгі алаңдарында листингтен өткен және Standard & Poor's 500 және NASDAQ 100 биржалық индекстеріне кіретін акциялар жіберілді. Қараша айының соңына дейін осы секторға 12 шетелдік эмитентті енгізу жоспарлануда, олар қазір биржада Т0 тәртіптемесінде теңгемен саудаланады, осылайша құралдардың жалпы саны 37-ге жетеді.

"Шетелдік акциялар нарығы жеке тұлғалардың осы құралдарға инвестиция салуға белсенді қатысуына байланысты бірқатар елдерде айтарлықтай танымал екенін атап өту қажет. Сондықтан біз осы сегментті кеңейтуді және жергілікті инвесторларға қазақстандық қор нарығынан шықпай-ақ шетелдік акцияларды сатып алуды ұсынуды жоспарлап отырмыз", – деп KASE Басқарма Төрайымы Алина Алдамберген атап өтті.

KASE Global секторында сауда-саттық 11:20-дан 22:00-ге дейін (Нұр-Сұлтан қ. уақыты бойынша) Т+2 шарттарымен АҚШ долларында Қазақстан Республикасы Бағалы қағаздарының орталық депозитарийінің қатысуымен өткізіледі. Нарық өтімділігінің артуына қарай сауда-саттықты өткізу уақытының ұлғаюы қаралатын болады.

KASE Global листинг процедурасы жеңілдетілді, сондай-ақ жаңа сектордың эмитенттері үшін тізімдердегі қағаздарды қосу және қолдау тарифтері алынып тасталды.

Жаңа секторда сауда-саттыққа қатысушыларға қысқа сатылымдар мен репо операцияларын жүзеге асыру мүмкіндігі берілген. Дивидендтерді төлеу кезінде дивидендтерді беру кезінде салықтық салдарларды болдырмау үшін қысқа сатылымдар мен репо операцияларын жүргізу тоқтатыла тұрады.

Анықтама үшін

"Қазақстан қор биржасы" АҚ (KASE) Орталық Азия өңіріндегі жетекші қор биржасы болып табылады. KASE бағалы қағаздармен сауда-саттық көлемі бойынша ТМД биржаларының арасында екінші орынды және FEAS биржаларының акциялар нарығын капиталдандыру көлемі бойынша бесінші орынды алады.

Бұл корпоративтік және мемлекеттік бағалы қағаздар, халықаралық қаржы институттарының облигациялары, шетелдік валюталар, ақша нарығының операциялары – репо және своп, сондай-ақ туынды құралдар үшін әмбебап сауда алаңы. KASE халықаралық биржалар Федерациясының (WFE), Еуроазиялық қор биржалары Федерациясының (FEAS) және басқа да халықаралық және отандық кәсіби бірлестіктердің мүшесі, сондай-ақ БҰҰ "Қор биржалары тұрақты даму үшін" бастамасының қатысушысы болып табылады.

Қосымша ақпарат: +7 (727) 237 5342, pr@kase.kz.